

№2 «Шағала» бөбекжайы МКҚК

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылында бөбекжайдың негізгі бағыттары»

Өткізген күні: 29 тамыз 2024 жыл

Қатысқан: 9 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Ахметкереева Л.С.

Хатшы: Игілікова Ә.Б.

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.

Бөбекжай меңгерушісі м.а Ахметкереева Л.С..

2. Қ.Р. мектепке дейінгі ұйымдарымен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы ӨНХ таныстыру. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау, оқу жоспарларын, перспективалық жұмыс жоспарларын, күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс -әрекет кестелерін бекіту.

Әдіскер

3. Аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін анықтау, сараптамалық кеңес мүшелерінің құрамын бекіту.

Бөбекжай меңгерушісі м.а Ахметкереева Л.С..

4. « Мен 2024-2025 жылы...»Психологиялық тренинг

Бөбекжай психологы: Султанова Г.С.

5. Әр түрлі мәселелер

1. Бөбекжай меңгерушісі м.а. Ахметкереева Л.С. сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, ұжымға шығармашылық шабыт, сәттілік тіледі. Күн тәртібімен таныстырды. Алғашқы педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті. Бірінші мәселе бойынша Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы туралы медбике Қожабергенова Ұлғаным Мақсотқызы жаз мезгіліндегі барлық жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілгенін айтып, талдау жүргізді.

2. Бөбекжай әдіскері Ахметкереева Л.С. жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Бөбекжайдың жылдық тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айтты. Жылдық міндеттер Ұлттық мұраны қастерлеу, қазақ тілін

құрметтеу дағдыларын енгізу және екінші тақырып Балалардың экологиялық сауаттылық деңгейін арттырудағы – эко мәдениет екенін баяндап айтты. Оқу жоспарлары, перспективалық жоспарларды бекітіп, апталық циклограмма, балалардың жеке даму карталары мен мониторингтің жазылу үлгілерін көрсетті сонымен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекітіп, әдіскер кестедегі өзгерістер туралы айтып, әр топтың тәрбиешілеріне, мамандарға таратып берді. Кадрларды топтар бойынша бөлу, ата-аналар жиналысының тақырыптары да талқыға салынып, бекітілді.

3. Әдіскер Ләззат Садыққызы 2024-2025 оқу жылында аттестатциядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, сараптамалық кеңес құрамын бекітті.

4. Бөбекжай психологы Султанова Гүлнар Сабырқызы педагогтармен «Мен 2024-2025 жылы....» атты тақырыпта психологиялық тренинг өткізді. Мақсаты: педагогтарды шабыттандыру, бір-біріне сәттілік тілеу.

5. Бөбекжай меңгерушісі міндетін атқарушы Л.С. Ахметкереева. сөз алып, әр түрлі мәселелер қозғады (ішкі тәртіп, сыйластық, т.б.)

Педагогикалық кеңес шешімін шығарды.

Қаулы:

1. Бекітілген күн тәртібі, жылдық жоспар, ҰІӨ-тер кестесі бойынша жұмыстар жасалсын.
2. Ата-аналар жиналысы бекітілген тақырыптар негізінде өткізілсін.
3. Бөбекжай ішіндегі тәртіп сақталсын.

Педкеңес төрайымы: Ахметкереева Л.С.

Хатшы: Игілікова Ә.Б.



Handwritten signatures in blue ink.